

Зерде – ми қызметінің күрделі түрі, қабылданған ақпаратты сақтау және еске түсіру.

Зерде түрлері:

I. 1. Түрлік;

2. Жеке (дара).

II. Сақталу ұзақтығына байланысты:

1. Тікелей түсіріп алу (иконикалық);

2. Қысқа мерзімді;

3. Ұзақ мерзімді.

III. Сигналдық жүйелердің қатынасына байланысты:

1. Сезімді – бейнелік;

2. Қисынды – мағналық;

3. Механикалық;

4. Логикалық.

IV. Сенсорлық (көру, сезу, жанасу және т.б.).

V. Эмоциялық.

Зерде үш процестен тұрады:

1. Мидың ақпараттарды қабылдауы;

2. Мида ақпараттарды сақтау;

3. Ақпараттарды еске түсіру (жаңғырту).

Зерде деңгейлері:

1. Есте сақталған мәліметтерді толық қайталау (ең жоғарғы деңгейі);

2. Бір көргеннен бейнені тану;

3. Жеңілденген зерде (қайталанғанда).



Моторная



Образная



Словесно-логическая




Эмоциональная

Зерде теориялары.

- 1. Шартты-рефлекстік;**
- 2. Нейрондар моделдерінң теориясы;**
- 3. Ассоциативтік;**
- 4. Биохимиялық;**

ЦНС



Эмоция (қобалжу) – физиологиялық функциялардың субъективтік көрінісі, мотивациялар компоненті.

Түсініктер:

- 1. Эмоциялық стресс.**
- 2. Аффект.**
- 3. Көңіл-күй.**

Эмоцияның жіктелуі:

- 1. Оң, теріс;**
- 2. Жоғарғы, төменгі.**
- 3. Стеникалық, астеникалық.**

Эмоция теориялары:

1. Ч. Дарвин теориясы (инстинкт);
2. П.К. Анохиннің биологиялық теориясы;
3. П.В. Симоновтың ақпараттық теориясы:

$$Э = M (\text{мұқтаждылық}) \times (Ақ - Аб);$$

Ақ – қажет ақпарат,

Аб – бар ақпарат.

4. Г.И. Косицкийдің теориясы:

$$Э = M (Ақ Эқ Уқ - Аб Эб Уб)$$

Ақ Эқ Уқ – қажет ақпарат, энергия, уақыт

Аб Эб Уб – бар ақпарат, энергия, уақыт.

5. Орталық теория.

6. Қыртыс - қыртыс асты теориясы.


П.В. Симоновтың ақпараттық теориясы – Эмоция организмге жеткен хабарға байланысты болады (мысалы: ақпарат жеткілікті болса – жағымды, ал жеткіліксіз болса – қате түсіну, өсек).

П.К. Анохиннің биологиялық теориясы – Эмоция бұл биологиялық процесс, яғни эволюция кезінде қалыптасады. Ол организмнің сақталуына, бейімделу нәтижесінде пайда болған сезініс күйі. Әлеуметтік ахуалдар, туа біткен механизмдер, әртүрлі әсер механизмдерге байланысты.

Эмоция – ақырғы нәтижеге байланысты туады:


- егерде жеткілікті болса, тиімді – жағымды Эмоция;**
- үрей, ашу, ашығу – жағымсыз Эмоция туады.**

**Эмоция туатын негізгі құрылымдар:
Эмоция лимбиялық жүйеде пайда болады. Гипокамп,
мидың маңдай бөлімі, белдеу, гипоталамус, торлы
құрылым.**



Гипоталамуста Гесс орталығы бар:

- алдыңғыядро – жағымды эмоция;
- артқы ядро – жағымсыз эмоция.



Лимбия (көмкерме, әдік) жүйесіне кіреді: гипокамп, бадамша тәрізді ядро, иіс баданасы, емізікше дене, күмбез, мөлдір қалқан, гипоталамус – бұны Пейпец шеңбері деп атайды.

Гипокамп – эмоциялық күйзелістің орталығы, шартты рефлексдерді тежейді.

Бадамша тәрізді дене – елендеу, бағдарлау рефлексі, тамақ, иіскеу, жалау әрекеттері пайда болады.

Алмұрт тәрізді ядро – жыныс әрекеттеріне байланысты эмоция туады.

Эмоциялық стресс - әртүрлі аурулар туғызуы мүмкін. Эмоциялық стрес кезінде бұлшықет қозады, қол сермеу, мимика, қанайналым, гормондар бөлінуі өзгереді.

Организмдегі ашығу, тойыну – гипоталамустың вентралды ядроларына байланысты.

Уақытша байланыс:

- қысқа эмоция – күшті саналы эмоция, долдану, бұрқан-талқан болу;**
- ұзақ эмоция - әуестік.**

Типтерге байланысты организмде эмоциялық стрестер (ышқындар) пайда болады.

Организмдегі жүйке тамырлары өзгереді:

- 1) адаптациялық – трофикалық өзгерістерде пайда болады;**
- 2) организмнің жеке басының төзімділігінен туады (тұрақсыз, қызбыда эмоциялық сезініс аз болады – эмоциялық стресс пайда болады);**
- 3) адамның жеке басының бейімділігі (предрасположенность);**
- 4) гипертониялық ауру, жүрек ишемиясы - әртүрлі қақтығысуға байланысты; сіркесі су көтермей – конфликт.**

Мотивация (месел) – адамның немесе жануардың ішкі жетекші мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін талаптануы.

Мотивация - мақсатты бағыттайтын іс әрекетке жеткізеді.

ҚЫЗЫҒУШЫҚ - дүниетану, іздену мұқтаждықтың эмоционалық көрінісі.

Мотивация түрлері:

- 1. Төменгі меселдер (биологиялық, тіршілікті сақтау немесе витальдық).**
- 2. Жоғарғы меселдер:**
 - әлеуметтік.**
 - идеальдық.**

Тағам, су, ұйқы және сергектік, күшті үнемдеу - бұл организмнің кез-келген қажеттілігі емес, ол гомеостатикалық механизммен өтелмейді. Бұл қажеттілік қанағаттандырылмаса организмді өлімге әкеліп соқтырады – бұны ***Витальдық*** (биологиялық) деп атайды .

Әлеуметтік қажеттілік – адамның белгілі бір әлеуметтік топтағы және ондағы орны. Ол басқа адамдардың қатысуымен жүзеге асады.

Идеальдық қажеттілік (өзіндік іздену) – болашаққа негізделген (зерттеулер, ойындар, имитациялық, «еркіндік рефлексі»), ол адамның ноосферадағы (әлемдегі интеллектуальды игеруі) орнын анықтайды.

Мотивацияның жүйкелік қамтамасыз етілуі:

I. *Гипоталамуста* – ашығу, шөлдеу, тойыну, жыныстық және т.б. орталықтар бар;

II. *Ми қыртысының маңдай бөлігі* маңызды роль атқарады:

- әлеуметтік және идеальдық мотивацияның қалыптасуын;

- мотивацияның жүзеге асуында іздену бағыты мен жолын таңдауын;

- нәтиже болжауын;

- мотивация жүзеге асу кезінде эмоцияның қалыптасуы.

III. *Лимбия жүйесі:*

- мотивация иерархиясын ұйымдастырады;
- мотивациялық қанағаттануды бағалауда эмоцияны аппарат түрінде қалыптастыруы;
- мотивацияның жүзеге асуында, ми құрылымын белсендіреді: вегетативтік үрдісті реттеудегі ақпараттық, соматикалық және т.б.